

# Пайдалану бойынша нұсқаулық

---

**DEXP**



# Термопот

## DEXP THP-5700

### Мазмұны

Құрылғының арналуы .....	4
Сақтық шаралары .....	4
Техникалық сипаттамалар .....	5
Құрылғының сұлбасы .....	6
Басқару панелі .....	7
Пайдалану нұсқаулығы .....	8
Алғаш пайдаланар алдында .....	8
Қақпағын ашу / орнату .....	8
Суды қайнату.....	9
Судың температурасын сақтау.....	10
Тазалау және күтім жасау .....	10
Қақтан тазалау.....	11
Ықтималды проблемалар және олардың шешімі .....	11
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары .....	12
Қосымша ақпарат .....	13

## Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапалы, функционалды және жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз.

Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының арналуы

Термопот суды жылытуға және тұрмыстық жағдайда судың қажетті температурасын сақтауға арналған.

## Сақтық шаралары

- Құрылғыны іске қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеу жергілікті жерге тұйықталған электр желісінің кернеуіне дәл сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Электр тогымен жарақаттануға жол бермеу үшін құрылғыны, оның қуаттау сымын немесе айырын суға және басқа сұйықтықтарға батыруға болмайды.
- Құрылғыны өздігіңізбен ашып бөлшектеп, жөндеуге тырысушы болмаңыз. Егер құрылғының жұмысында ақаулар болса, оны дереу тоқтатыңыз және уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ тұлға орындап жасаған жөндеу пайдаланушы үшін аса қауіпті жағдайларға апарып соқтыруы әбден мүмкін.
- Құрылғыға зақым келтірмеу немесе жарақат алмау үшін, өрттің шығуына және электр тогымен зақымданбау үшін өндіруші ұсынбаған аксессуарларды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс барысында қатты қызады. Күйіп қалмау үшін ыстық беттерді қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғы резервуарында судың болуын тексеріңіз. Су деңгейі жеткіліксіз болса немесе жоқ болса, дереу резервуарға су құйыңыз.
- Қайнатар алдында қақпағын жақсылап жабыңыз. Бу шығаратын саңылауды жаппаңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде қақпағын ашпаңыз.
- Сымы немесе ашасы бүлінген құрылғыны пайдалануға болмайды. Қуаттау сымын ауыстыру үшін өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
- Қуаттау сымы беттің (мысалы, үстелдің) шетінде салбырап тұрмауы керек. Қуат сымының ыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының саңылауларына қандайда бір заттарды салуға болмайды.
- Бұл құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды


қоспағанда пайдалануына арналып жасалмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

- Құрылғыны тегіс тұрақты бетке орнықтырыңыз.
- Пайдаланбаған жағдайда, сондай-ақ тазалаған кезде немесе ақаулық анықталған кезде құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, жылыту батареялары және т.б.), ыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны тек тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға рұқсат етіледі, ол өнеркәсіптік мақсаттарға қолдануға арналмаған.
- Құрылғы корпусына немесе электр қуатының сымына су немесе басқа сұйықтық тигізбеңіз. Тиген жағдайда құрылғыны дереу электр желісінен ажыратыңыз.
- Тасымалдаған кезде құрылғыны тұтқасынан ұстаңыз. Құрылғыны қақпағынан ұстап тасымалдауға болмайды.
- Құрылғының қызмет ету мерзімін ұзарту үшін оны үнемі ластан тазалаңыз.
- Құрылғыға суды асыра құюға болмайды.
- Термопот тек су ысытуға арналған. Құрылғы сынбауы үшін оған басқа сұйықтықтарды ысытпаңыз.
- Термопот жұмыс істеп тұрған кезде күйіп қалмау және жарақат алмау үшін оны қозғалтпаңыз.
- Құрылғыны қуаттау желісінен ажыратқан кезде қолмен оның ашасынан ұстаңыз, электр сымынан тартуға болмайды.
- Қуат желісінің жүктемесінің асып кетуіне жол бермеу үшін термопотты басқа энергия сиғызатын құрылғылармен пайдалануға болмайды.
- Термопоттан суды төгу үшін “Бұғаттан шығару” түймесін, одан кейін “Су беру” түймесін басыңыз.

## Техникалық сипаттамалар


- Моделі: ТНР-5700.
- Қуат параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 750 Вт.
- Көлемі: 5 л.
- 4 температураны сақтау режимі 45 °С, 55 °С, 65 °С, 85 °С.
- Корпустың материалы: тот баспайтын болат, пластик.
- Сусыз қосудан қорғаныс.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

## Құрылғының сұлбасы



1. Нығыздауыш сақина.
2. Қақпақтың ішкі жағы.
3. Суға арналған резервуар.
4. Шүмегі.
5. Судың деңгейлің межесі.
6. Негізі.
7. Тұтқасы.
8. Корпус.
9. Қуаттау сымының ұясы.
10. Қуаттау сымы.
11. Бу шығаруға арналған саңылау.
12. Термопот қақпағы.
13. Қақпақты ашатын түйме.

# Басқару панелі



1. Қосу/өшіру түймесі.

2. “Қайнату” түймесі.

• **“Құбыр су (хлорсыздандыру) режимі.**

- Күту режимінде “Қайнату” түймесін таңдап, “Құбыр су” режимін басыңыз. “Қос./Өш.” түймесінің индикаторы жанып тұрады. “Құбыр су” және “Температураны сақтау” индикаторлары 5 секунд жыпылықтап тұрады да, “Құбыр су” индикаторы үздіксіз жанады, ал “Температураны сақтау” индикаторы жыпылықтауын жалғастырады. Қайнау басталғаннан кейін “Қайнату” түймесін басып, “Құбыр су” және “Тазартылған су” режимдерінің арасында ауысуға болады.
- Қайнау бастағаннан кейін “Температураны сақтау” түймесін басып, температураны таңдаңыз.
- Қайнау аяқталып, “Температураны сақтау” режиміне өткеннен кейін, белгіленген температураға жеткен кезде таңдалған температура индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, үздіксіз жанып тұрады.

• **“Тазартылған су” режимі.**

- Күту режимінде “Қайнату” түймесін таңдап, “Тазартылған су” режимін басыңыз. “Қос./Өш.” түймесінің индикаторы жанып тұрады. “Тазартылған су” және “Температураны сақтау” индикаторлары 5 секунд жыпылықтап тұрады да, “Тазартылған су” индикаторы үздіксіз жанады, ал “Температураны сақтау” индикаторы жыпылықтауын жалғастырады. Қайнау басталғаннан кейін “Қайнату” түймесін басып, “Тазартылған су” және “Құбыр су” режимдерінің арасында ауысуға болады.
- Қайнау бастағаннан кейін “Температураны сақтау” түймесін басып, температураны таңдаңыз.
- Қайнау аяқталып, “Температураны сақтау” режиміне өткеннен кейін, белгіленген температураға жеткен кезде таңдалған температура индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, үздіксіз жанып тұрады.

3. “Температураны сақтау” түймесі

- Күту режимінде “Температураны сақтау” түймесін басып, қалайтын температураңызды таңдаңыз. “Қайнату” түймесі арқылы “Тазартылған

су” режимін таңдаңыз. “Тазартылған су” және “Температураны сақтау” индикаторлары 5 секунд жыпылықтап тұрады да, “Тазартылған су” индикаторы үздіксіз жанады, ал “Температураны сақтау” индикаторы жыпылықтауын жалғастырады. Су қажетті температураға дейін ысығанда таңдалған температура индикаторы жыпылықтамай жанатын болады.

- Температура режимдерінің диапазоны: 45 °C, 55 °C, 65 °C, 85 °C.
4. “Бұғаттан шығару” түймесі.
- Бұғаттан шығарылған күйінде “Бұғаттан шығару” индикаторы жанбайды. “Бұғаттан шығару” түймесін басып, құрылғыны бұғаттан шығарыңыз, тиісті индикатор жанады. 10 секунд ішінде қандай-да бір әрекет болмаса, индикатор өшеді де, құрылғы бұғатталған күйге ауысады.
  - Бұғаттан шығарылған күйде тиісті индикатор жанады. “Бұғаттан шығару” түймесін басқан кезде индикатор өшеді де, құрылғы бұғатталған күйге өтеді.
5. “Су беру” түймесі.
- Бұғаттан шығарылған күйде “Су беру” түймесін басып ұстап тұрып, су құйыңыз.
  - Бұғатталған күйде “Су беру” түймесін басқанда бұғаттан шығару индикаторы 5 секунд жыпылықтап, құрылғыны бұғаттан шығару керектігін көрсетіп тұрады.

## Пайдалану нұсқаулығы

### Алғаш пайдаланар алдында


Алғаш пайдаланар алдында немесе ұзақ уақыт сақтағаннан кейін термопотқа 2-3 литр су құйып, 1-2 рет қайнатып, суды төгіңіз.

**Ескертпе:** термопотқа су құйған кезде корпусына су төгілмеуі үшін абай болыңыз.

### Қақпағын ашу / орнату

**Ашу:** қақпағын 20 - 30° бұрыштап ашыңыз. Құрылғының корпусын бір қолмен ұстап тұрып, екінші қолыңызбен қақпақты сәл тартыңыз.

**Орнату:** қақпақтың осін ұстағышқа шырт еткенше 20 - 30° бұрыштап салыңыз.






## Суды қайнату

1. Резервуарға 1-5 литр су құйыңыз. Су деңгейі максималды белгіден аспайтынына көз жеткізіңіз.



2. Термопот қақпағын жабыңыз.



3. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз, барлық индикаторлар жанып, үздіксіз дыбыстық сигнал естіледі.
4. Барлық индикаторлар өшкеннен кейін құрылғы күту режиміне өтеді. Күту режимінде “Қосу/Өшіру” индикаторы жанады.

**Ескертпе:** 30 секунд бойы белсенділік жоқ болса, құрылғы ұйқы режиміне өтеді. Күту режиміне ауысу үшін “Қосу/Өшіру” түймесін басыңыз.

5. “Қайнату” түймесін басып, “Құбыр су” режимін таңдаңыз, тиісті индикатор жанады.

**Ескертпе:** термопот күту режиміне өтер алдында 3-5 минут (қоршаған орта температурасына және теңіз деңгейінен жоғары биіктікке байланысты) қайнайды.

6. “Температураны сақтау” түймесін басып температураны белгілеңіз.

**Ескертпе:** температураны сақтау баптауы су қайнап жатқан кезде және қайнап болғаннан кейін қол жетімді. “Температураны сақтау” индикаторы жыпылықтап, су белгіленген температураға жетпегенін білдіреді.

7. “Бұғаттан шығару” түймесін басыңыз, тиісті индикатор жанады.
8. Ыдысты шүмкке апарып, “Су беру” түймесін басып су құйыңыз. Судың берілуін тоқтату үшін түймені жіберіңіз.



9. Осы режимде жұмысты аяқтау үшін “Қосу/Өшіру” түймесін басыңыз.

## Судың температурасын сақтау

1. Резервуарға 1-5 литр су құйыңыз. Су деңгейі максималды белгіден аспайтынына көз жеткізіңіз.
2. Термопот қақпағын жабыңыз.
3. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз, барлық индикаторлар жанып, үздіксіз дыбыстық сигнал естіледі.
4. Барлық индикаторлар өшкеннен кейін құрылғы күту режиміне өтеді. Күту режимінде “Қосу/Өшіру” индикаторы жанады.

**Ескертпе:** 30 секунд бойы белсенділік жоқ болса, құрылғы ұйқы режиміне өтеді. Күту режиміне ауысу үшін “Қосу/Өшіру” түймесін басыңыз.

5. “Температураны сақтау” түймесін басып, қалайтын температураңызды таңдаңыз. “Қайнату” түймесі арқылы “Тазартылған су” режимін таңдаңыз.
6. Қажетті температураға жеткенде “Температураны сақтау” индикаторы жыпылықтамай жанатын болады.
7. Ыдысты шүмкке апарып, “Су беру” түймесін басып су құйыңыз. Судың берілуін тоқтату үшін түймені жіберіңіз.
8. Осы режимде жұмысты аяқтау үшін “Қосу/Өшіру” түймесін басыңыз.

## Калибрлеу

**Назар аударыңыз:** құрылғы теңіз деңгейінен 3000 метрге дейінгі биіктікті пайдалануға жарамды.

Атмосфералық қысымға байланысты термостат жұмысын дәл баптау үшін құрылғыны калибрлеу керек. Ол үшін “Қосу/Өшіру” және “Қайнату” түймесін бір мезгілде басыңыз. “Құбыр суы” және “Тазартылған су” индикаторлары бірге жанып, қайта өшіп, баптаудың аяқталғанын көрсетеді.

## Тазалау және күтім жасау

- Құрылғыны өшіріп, оны электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы мен ішіндегі су толығымен суығанына көз жеткізіңіз.
- Қалған суды резервуардан төгіңіз.
- Корпустың сыртын және бактің ішін жұмсақ дымқыл матамен сүртіңіз.
- Құрылғыны тазалау үшін абразивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Аспапты суға батыруға болмайды.
- Басқару тақтасына, қуат сымына және оған арналған розеткаға су тигізбеңіз.
- Ұзақ уақыт сақтағанда құрылғыны тазартып, құрғақ жерге қойыңыз.

## Қақтан тазалау

1. Резервуарға қақтан тазалайтын құралды құйып, максималды белгіге дейін суық су құйып, ерітіндіні араластырыңыз.
2. Құрылғыны электр желісіне қосыңыз.
3. Кетпейтін ласты кетіру үшін “Қайнату” режимін пайдаланыңыз.
4. Құрылғыны желіден ажыратыңыз.

5. Құрылғы мен ерітінді толық суығанша күтіңіз, қақпағын ашып, ерітіндіні төгіңіз.
6. Таза суқұйып, иісі мен ерітіндінің қалдығы толық кеткенше бірнеше рет қайнатыңыз.

## Ықтималды проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Себебі	Шешімі
“Су беру” түймесін басқан кезде су келмейді	Құрылғы бұғатталған.	“Бұғаттан шығару” түймесін, содан кейін “Су беру” түймесін басыңыз.
	Резервуарда қақ тұрып қалды	Резервуарды қақ пен шөгінділерден тазартыңыз
Шүмегінен су кетіп жатыр	Су деңгейі резервуарда максималдыдан жоғары	Артық суды төгіңіз
Суда ақ шөгінділер бар	Бұл шөгінділер қолданылатын судың минералды құрамы	Резервуарды қақ пен шөгінділерден тазартыңыз
“Құбыр суы”, “Тазартылған су” және “45 °C” индикаторлары жыпылықтап тұр	Датчик қысқа тұйықталған	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
“Құбыр суы”, “Тазартылған су” және “55 °C” индикаторлары жыпылықтап тұр	Датчик тізбегінің ақауы	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
“Құбыр суы”, “Тазартылған су” және “65 °C” индикаторлары жыпылықтап тұр	Сусыз қосудан қорғаныс	Резервуарға су құйыңыз
“Құбыр суы”, “Тазартылған су” және “85 °C” индикаторлары жыпылықтап тұр	Жоғары температурандан қорғаныс	Резервуарға су құйыңыз немесе өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз
“Құбыр суы”, “Тазартылған су” және “85°C” индикаторлары жыпылықтап тұр	Датчик ақауы	Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай-да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °С – 40 °С аралығындағы температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 %-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Үй жайларда тотығуды туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс жоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Гуандун Мидэа Консьюмер Электрик Мэньюфэкчеринг Ко., Лтд. Линьган тас жолы 19, Бэйцзяо, Шуньдэ, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай. Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:** ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:** «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төменвольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі»;

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты және оның сипаттамалары алдын ала хабардар етпестен өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexr.club](http://www.dexr.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.

Пайдалану мерзімі: 18 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



## **Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа тұйықталулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шектен тыс материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде түрлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізудің іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиғи апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсуінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық нөмірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал қуатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дискілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алу-дан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.





